

Түсініктеме хат

Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, мен алыстағы жұлдыздар — осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Адам - табиғаттың ажырамас бөлігі. Сондықтан халқымызда «Жер-Ана» деген егіз ұғым қалыптаскан.

Сондықтан орман-тоғайларды сақтап, қоршаған ортаның, өзен мен көлдердің ластанбауына ерекше мән берген.

«Су ішкен құдығыңа түкірме»«Бұлақ көрсөн, көзін аш» деп, жас ұрпақтың бойына табиғатты қорғаудың тәрбиесін сінірген. Табиғатта үздіксіз өзгерістер болып жатады. Мысалы, жанартаудың атқылауы, наизағайдың жарқылы, судың мұзға айналуы сияқты құбылыстар табиғаттағы өзгерістерді көрсетеді.

Аспан денелерінің қозғалысы, гүлдердің шешек атуы, ағаштың жайкалып өсуі, өзеннің тасуы немесе көлдердің тартылып суалуы - осылардың барлығы да қоршаған ортадағы өзгерістер.

Kіrіспе

Жаңазаманбаласынқалыптастырып, дамытуүшін, тұлғаныңшікідүниесі мен оныңқыр-сырынанықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау. Табиғат – баланыңақыл-ойының балалық деңгейден нақты түсініктерін, қалыптастырып жоғары деңгейге жеткізетін қор болып табылады. Табиғатты танып, білу – мектепке дейінгі жастағы баланың бойында табиғатпен қарым-қатынас жасаудың базасын құрай отырып, сонымен бірге оны қорғап, аялай білуге үйретеді. Өткізілген «Тұған өлекнің табиғатын қорғау» жобасында экологиялық ақпараттар және арнайы материалдар мен кең көлемде таныстыра отырып, балаларға экологиялық тәрбие беру өте тиімді деп санаймын. Жыл мезгіліне қарай құстарды бақылауға жол ашады. Жұмбақтарды шешу арқылы қызығулылығын арттыруда, баланың ой-өрісі дамиды. Тіл байлығы жетілдіреді. Сөздік қорын байытып, сейлемнің дұрыс грамматикалық қатарын құруын білуге көп әсері тиеді. Жұмбақ ересек топтарына арналға. Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып, дамытса, оның нәтижесі де соншалықты жемісті болмак.

Дала құстары



Қызыл қанат ол өзі,
имек келген тұмсығы.
(Қоқиқаз)



Әуеде бір ноқат
тапжылмай қалқып тұр,
Әдемі бір ырғақ
аспаннан шалқып тұр.
(Бозторғай)

Көк жүзінде жылжып жай,
Керуен құрған тізіліп,
Ілгек-ілгек шынжырдай,
Қалмайды олар үзіліп?

(Тырна)




Ағашта болса егер мен,
Хабар беріп морземен,
Тұмсығымен емдейді,
Сосын көңіл демдейді.

(Тоқылдақ)




Бірақ сөз біледі,
Өз аты онысы.
Соны айтып жүреді.
Және жок қонысы. (Көкек)



Бұдыр-бұдыр балшықты,
Жинады да талшықты.
Ұқсатып қамытқа,
Үй салды жабыққа.
(Карлығаш)

Күн шықпай сап аттанды,
Қуырады апшыны.
Шырт ұйқыда жатқанды,
Оятады ашы үні.

(Кораз)



Бір топ жыңғыл ішінде,
Бір жапырақ қызыл гүл.
(Қыргауыл)




Кеудесі қайқандап,
Жүреді байпандап.
(Қаз)



Су бетін сзызып,
Ақ Құман жүр жүзіп.
(Аққу)




Айдыннан шалқыған
Телпек көрдім қалқыған.
(Үйрек)



Өте ірі құс өзі,
Денесі де пішінді.
(Бірқазан)

**Секектеп бір тұрмайды,
Өреден құрт ұрлайды.
(Сауысқан)**



**Шуға бөлеп жағаны,
Қанаттарын қағады,
Айдын судың түлегі,
Шабақ іліп жүреді.
(Шағала)**

**Айдары шағын,
Қаракүрең сауыры
Аппақ қардай бауыры
(Кызғыш)**



**Күндіз сөнген шырағы,
Түнде көрер қырағы.
Тікірейіп айдары,
Егін жауын қырады.
(Үкі)**

**Салатын ұяны.
Өткір көзі шегір,
Бүргенін құртар тұяғы.
(Бұркіт)**




**Тұсы дейді құстардың
Інісі дейді тышқанның
Тышқан да емес, құс та емес
Екеуінен де тыс қалдым
(Жапалак)**





**Маңдайы ақ қасқа,
Ақ жері жоқ басқа.
(Қасқалда)**

**Сюжетті сурет.
Суретпен жұмыс
Мәтінді оқып беру, түсіндіру.
Сұақтарға жауап алу.**



**Сергіту сәті
«Ұшты-ұшты» ойыны**



Білім беру салалары: Қатынас, шығармашылық.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлем дамыту, жапсыру, сурет.

Тақырыбы: "Қыстап қалған құстар"

Мақсаты: Тәрбиелік: Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып оны күтіп баптауға, аялауға оларға қамқорлық жасап, мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу.

Білімділік: Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру.

Дамытушылық: Құстар туралы білімдерін толықтыру, құстарға деген қызығушылығын.

Әдіс тәсілдері: түсіндіру, көрсету, тақпак, жұмбақ жасыру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Сөздік жұмыс: құстар, ұя

Билингвальді компонент: құстар, қарға, сауықсан, көгершін, сұқторғай және торғай

Колданылған көрнекіліктер: Слайд, суреттер, сурет салуға қажетті құралдар

Әрекет түрі: Тәрбиешінің іс-әрекеті

Баланың іс-әрекеті

Мотивациялық қозғалыс

Ұйымдастырушылық ізденістік: Шаттық шенбері

Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа баламыз

Иіліп сәлем береміз

Біз әдепті баламыз

- Сендер саяхатқа шыққанды ұнатасындар ма?

- Иә!

- Ендеше көздерінді жұмындар.

- Балалар біз қайда келдік?

- Орманға

- Мына жерде әдемі бір ағаш түр екен, өзі сондай әдемі!

-Мында тапсырмамды орындаңдар.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс

- Қыс айларын ата?

- Желтоқсан, қантар, ақпан

-Балалар мен сіздерге жұмбақ жасырайын шешуін табуга тырысып көріндер.

Мұхият тындаңдар.

Қанаты бар талмаған

Аспанға ұшып самғаған

Жауы шыбын шіркейден

Табиғатты қорғаған(құс)

Бұл не?

-Ия балалар құстар біздің қанатты достарымыз

Құстардың түрі өте көп

Құстар қанат және қауырсындарымен ерекшеленеді.

Олардың аузыздарының арасында тұмсық, қолдарының арасында қанат, екіаяғы бар, бірақ олар көбіне аспан даұшып қалықтап жүреді.

(Суретін көреміз)

Құстарекітопқабөлінеді: Жылқұстары және қыстапқалатын құстар.

Қыстапқалатын құстар: Торғай, қарға, сұықторғай, сауысқан, көгершін.

Сұықmezгілдек құстардың жемтабуы төкійн. Сондықтан адамдар жемсауыт жаса п, оны ағашбұтақтарына іліпқояды. Жемсауытқанан қымдарын, бидай жемсалуғаболады.

Балалар құстар тұралы тақпактарайтайық:

Саида:

Құстартойын құттықтар

Куанамыз қолдаймыз

Ұяжасап құттықтап

Бізоларды қорғаймыз

Мансұр:

Торғай, торғай, тондыңба,

Тұра алмайсың орнында?!

Бір қонасың бір ұшып,

Отырасың бүрісіп.

Назлы:

Бейбітшілік құсы көгершін

Жер жүзінде бейбіт енбек көгерсін

Аспан тұнық, шат көңілді болайық

Ақ ниетті адад жандар көбейсін

Айару:

Торғай, торғай тоқылдақ

Жерден жемді шоқып ап

Бөтегесі бұлкілдеп

Шик-шик етіп отырмак

Слайд арқылы құстардың суретін көрсету.

Балалар құстар біздің досымыз екен.

Ортаға Айым шығады, өзіннің сұықторғай туралы шағын слайд бар.

Торғай – кішкентай құс. Ағаш қуысындағы зиянкес құрттарды жейді және дәнді дақыл, нан қиқымдарымен қоректенеді. Үй шатырларына немесе ағашқа шар тәрізді ұя салады.

Мадина: Қарға – қара немесе сұр қауырсынды тамақ талғамайтын, еті арам құс. Кез келген тамақты қорек ететін құстардың бірі. Қар астында қатып қалған төгінділерді өткір тырнақтарымен тырнап босатып, мықты ұшкір тұмсығымен шоқып қоректенеді.

Тәрбиеші: Тіл ұстарту жаттығуы.

1. ыс – ыс – ыс келіп қалды қыс
2. ос – ос – ос құстар бізбен дос
3. ұс – ұс – ұс ұшып кетті құс

Сергіту сәті:

«Ұшты-ұшты» ойыны.

Шарты: педагог: «Ұшты-ұшты» деп, құстың атын айтса, балалар қолдарын жоғары көтереді, «Ұшты-ұшты» деп, заттың атын айтса, балалар қолдарын көтермеуі тиіс.

Ұшты, ұшты, ұшты — қарға ұшты! (ұшады)
Ұшты, ұшты, ұшты — тарақұшты! (ұшпайды)
Ұшты, ұшты, ұшты — қаз ұшты! (ұшады)
Ұшты, ұшты, ұшты — тұлкіұшты! (ұшпайды)
Ұшты, ұшты, ұшты — бүркітұшты! (ұшады)
Ұшты, ұшты, ұшты — үстелұшты! (ұшпайды)
Ұшты, ұшты, ұшты — үйрекұшты! (ұшады)
Ұшты, ұшты, ұшты — шана ұшты! (ұшпайды)

Жеке жұмыс: Құстарға ұя жасаймыз, өз беттерімен
Жарайсындар балалар!

-Балалар құстар бізің қанатты достарымыз

Кімдер екен?

Балалар құстар сіздерге ұнайды ма?

Балалар сіздер қандай құстармен таныстыңыздар?

Құстарға қамқор болуымыз керек, оларға жем беріп күтейік.

Жарайсындар балалар!

Балаларды мадақтау

Күтілген нәтиже:

Менгереді: Құстардың пайдасы, оларды бір- бірінен ажыратада білуге

байланысты берілген тапсырмаларды орындауды.

Игереді: құстардың бірнеше түрін және олардың ерекшеліктері туралы берілген мәліметтерді.

Игеру керек: құстарды басқа жаң- жануарлардан ажыратада білу дағдыларын.

Дайындаған тәрбиешінің аты-жөні: Калкаманова Ж.Х

Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз»

Мақсаты:

Жалпықұстартуралы, олардыңтіршілігі мен пайдасытуралымағлұмат беру.
Балалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздіккорын, ой - өрісіндамыту.
Құстардықорғауға, қамқоршы болуға, табиғаттысуюғетәрбиелеу.

Көрнекілік: Құстарсуреті, астау құстарға арналған ұя.

Іс - әрекеткезеңдері

Шаттықшенбері.

Нұрқышпәлемге

Арайлаптаңатты

Жарқырапқуніміз

Жеркөктіоятты

Қайырлытаң, қайырлықүн!

Тәрбиеші:

- Балалар жылдың қай мезгілі?
- Көктемде табиғатта қандай ерекшеліктер болады?

Жұмбак.

1. Тал басында жалғыз үй. (ҰЯ)

2. Ағашта болса егер мен,

Хабар беріп, морземен,

Тұмсығынмен емдейді,

Сосын көніл демдейді. (Тоқылдақ)

3. Сирағы ұзын

Тырнағы ұзын,

Балықты сұзбей,

Ұстайтын шоқып

Тұмсығы біздей. (Тырна)

- Балалар сиқырлы баққа барғыларың келе ме?

Олай болса сиқырлы баққа барайық.

Балалар сап түзеп жүреді.

Біз келеміз адымдаپ

Жол ізімен арындаپ

1, 2, 3, 4

Қолды жоғары көтеріп

Биіктерге жетеміз

Үп - үлкен боп өсеміз.

Қолды жанға созамыз

Топ - топ етіп басамыз.

Алға қарай асамыз.

- Балалар міне баққа да келдік. (Музыка ойналып, құстардың даусы естеледі)

Қандай керемет бақ, балалар не көріп тұрсындар?

Жарайды ендеши, менің сендерге қоятын шартым бар, орындасандар

сыйлығымда бар.

1 – ші шартым: Сендер қандай құстарды білесіндер?

Тәрбиеші: Дұрысайтасындар балалар, құстарекігебелінеді.

Сендердіңайтқан құстарың дала құстарынажатады. Ал үйлерінде қандай құс

бар?

2 – ші шартым: Құстаруалытақпактар білесіндер ме?

Үйге кірші торғайым,
Мен аяздан қорғаймын.
Жем шашамын, жегейсін,
Үйшік жасап берейін.

Келіп көктем құстары,
Бау бақшадан ән салды.
Оларды жас достары
Ұя жасап қарсы алды.
3 - ші шартым: Д/О: «Қандай құстың дауысы»

Қорытынды:

- Балалар құстар нешеге бөлінеді? Және оларды ата?

- Екіге бөлінеді, үй құстары және даала құстары

- Өте жақсы


Балалар сендер құстар туралы көп біледі екенсіндер мен сендердің білімдерінде риза болып бүгінгі сабакқа қатысқан балаларды мадақтаймын. Құстар табиғаттың керемет тіршілік иелері. Құстар — біздің досымыз. Біздер үнемі құстарға қамқорлық жасап, қорғап жүруіміз керек!
- Бүгінгі сабакқа өте жақсы қатыстындар Рахмет!



Бекітімін
«Балауса» бебекжайы» МКҚК-ның
менгериші *З. Баймұханов* З.Баймұханова.
«30» тамыз 2024ж

Әдістемелік
отырыста қаралды
Хаттама №2
«30» тамыз 2024жыл

Дайындаған тәрбиеші:
Калкаманова Жанар Хайдаровна



Тақырыбы: Туған өлкенің табиғатын қорғау

Дайындаған тәрбиеші
Калкаманова Жанар Хайдаровна